



ТУРАЛЫ- ҚАЗАЛЫ

№8
(2179)
Сенбі
27 қаңтар
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

КОМИССИЯНЫҢ АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫСЫ

Аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тілеумбетовтың төрағалығымен аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның алғашқы отырысы өтті.

Комиссия отырысына комиссия мүшелері, құқық қорғау органдарының басшылары және мектеп директорлары қатысты.

Басқосуда аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі аудандық комиссияның 2024 жылға арналған жұмыс жоспары талқыланып, бекітілді.

Сонымен қатар, 2023 жылы кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық профилактикасы, кәмелетке



толмағандарға қарсы жасалған қылмыстар туралы мәселе қаралды.

Комиссия отырысында жасөспірімдер арасындағы топтық төбелестің алдын алу бағытындағы жұмыстар да пысықталды.

Бұл мәселеге байланысты комиссия мүшелері: ардагер ұстаз Серік Қуанышбаев, аудандық мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Болат Жолтаев, аудандық білім бөлімінің басшысы Әділхан Жөлекешов, аудандық

мәслихаттың депутаты Эльмира Нұрмағамбетова, Қазалы аграрлы-техникалық колледжінің директоры Арман Мусаев және бірқатар мектеп директорлары өз ойларын ортаға салды.

Комиссия отырысын аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның төрағасы Дәурен Оңғарбайұлы қортындылап, тиісті сала басшыларына айтылған ұсыныс-пікірлерге байланысты жұмыстар атқаруды тапсырды.

Қазалы ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясы

АМАНАТ CUP: ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА ҮСТЕЛ ТЕННИСІНЕН АУДАНДЫҚ ТУРНИР ӨТКІЗІЛДІ



Аудан орталығы Әйтеке би кентінде «АМАНАТ» партиясының аудандық филиалының ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасында «АМАНАТ CUP» үстел теннисінен аудандық турнир өткізілді.

Спорттық шараны партия филиалының төрағасы, аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш ашып, доданың маңыздылығына тоқталды.

«Бұқаралық спортты дамыту еліміздің басым бағыттарының бірі. Ұлттың саулығына ерекше мән беретін «АМАНАТ» партиясы да өзінің сайлауалды бағдарламасында спорт саласын маңызды басымдық ретінде қарастырған. Бүгінгі үстел теннисінен мектеп оқушылары арасындағы аудандық турнир осы тұжырымдама аясында өткізіліп отыр. Ендігі кезекте бұл шараны жыл сайын дәстүрлі түрде

өткізу қолға алынатын болады», – деді Ғазиз Әлмәмбетұлы.

Мұнан соң аудандық мәслихаттың депутаты Арғын Орымбаев сөз алып, жас спортшыларға сәттілік тіледі.

Жарысқа аудан мектептерінен 14 командадан құралған 50-ге жуық теннисшілер қатысуда. Барша қатысушыларға сәттілік тілейміз!

«АМАНАТ» партиясының аудандық филиалының ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасында өткізілген «АМАНАТ CUP» үстел теннисінен аудандық турнир қортындыланды.

Шарада партия филиалының атқарушы хатшысы, аудандық мәслихаттың депутаты Нұрғиса Жалғасбаев, аудандық мәслихаттың депутаты, партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Әділбек Сарабеков сөз сөйлеп, тартысты бәсекенің

жеңімпаздарын марапаттады.

Іс-шараның қортындысы бойынша №249 мектеп-лицейінің «Абадан» командасы, №24 орта мектебінің командасы (Бекарыстан би аулы), №249 мектеп-лицейінің «Жанқожа 128» командасы үздіктер қатарынан көрінді.

Жеңіс тұғырынан көрінген командалар мен қатысушыларға сыйлықтар, кубоктар мен медальдар табысталды. Сондай-ақ, бірқатар ойыншылар «Үздік ойыншы», «Жас ойыншы», «Жеңіске деген жігері үшін» номинациялары бойынша марапатталып, үздік теннисшілерді дайындаған ұстаздары «Үздік жаттықтырушы» номинациясына ие болды.

Жарысқа аудандық үстел теннисі құрама командасының жаттықтырушысы Медетбек Ермаханов пен құрама команда ойыншысы Майрагүл Ерлан төрелік етті.

Барша қатысушыларды жүлделі жеңістерімен құттықтай отырып, алдағы додаларда сәттілік тілейміз!

«Тұран-ақпарат»

БЮРОКРАТИЯДАН АРЫЛТУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМДАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту мақсатында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы Мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасудың кейбір мәселелері туралы №40 бұйрығына толықтырулар енгізілді.

Өзгерістерге сәйкес, аталған бұйрық «Ықпалдастырылған ақпараттық жүйеде "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға іріктеу және конкурс өткізудің уақытша қағидаларымен» толықтырылды.

Қағидаға сәйкес, ағымдағы жылдың 1 наурызынан бастап Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінде, Қазақстан Республикасының сауда және интеграция, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктерінде, Ақмола облысы мен Шымкент қаласының жергілікті атқарушы органдарында "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға іріктеу және конкурс өткізудің тәртібі өзгертіліп, пилоттық режимде

жұмыс істей бастады.

Конкурс ықпалдастырылған ақпараттық жүйенің "eqyzmet.gov.kz" сыртқы интернет-порталында жүзеге асырылады, яғни ешқандай тікелей байланыссыз онлайн түрде жүргізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін үміткерге интернет, компьютер және веб-камерасының болуы жеткілікті. Осы құрылғыларды пайдалана отырып, үміткер жеке сәйкестендіру нөмірін және ЭЦҚ енгізу арқылы жүйеде тіркеледі және конкурсқа қатыса алады.

Конкурс кезеңдеріне қатысқан кезде үміткердің дербес деректерін көрсетпей иесіздендіру үшін өтінім берген кезде жүйе оған дербес сәйкестендіру нөмірін тағайындайды. Яғни, конкурсқа қатысушы үміткер туралы ақпарат жасырын болады.

Жалпы конкурсқа қатысу үшін үміткер шекті мәні 50% құрайтын жеке қасиеттерін бағалау бойынша тестілеуден өтеді.

Одан кейінгі, конкурстың кезеңі – мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін

бағалау. Бұл жерде үміткерге жалпы саны 50 сұрақтан тұратын логикалық және ситуациялық сұрақтар қойылады. Екі кезеңнің нәтижесімен жоғары балл жинаған үш үміткер конкурстың соңғы кезеңі – әңгімелесуге жіберіледі.

Іріктеу кезеңдерінен өту кезінде үміткер өзге адаммен ауысуына, жанында бөгде адамдар болуына, орнын тастап кетуге, экраннан бұрылуына және бейнекамераны ажыратуына болмайды.

Конкурс кезеңдерінен өту кезіндегі барлық жазылған бейнежазба белгіленген тексеруші адамдардың бағалауымен және бақылауымен жүргізіледі.

Егер де үміткер тестілеу кезеңдерін тапсыру кезінде ережені бұзған жағдайда келесі кезеңге жіберілмейді.

Әңгімелесу сатысына өткен үміткерлер онлайн түрде қатысады. Конкурс комиссиясының мүшелері жүйемен таңдалған адамдардан тұрады, яғни бір-бірін танымайтын мүшелерден құралады.

Комиссия мүшелері үміткерлерді 1 мен 3 балл арасын-

да бағалайды. Нәтижесінде барлық кезеңнен өткен үміткерлердің орташа баллы шығады және ең көп балл жинаған үміткерді жүйе конкурс жеңімпазы етіп таниды.

Жаңа жүйенің артықшылығы нағыз білімді және алғыр үміткерлердің бос лауазымдарға орналасу мүмкіндігін арттыру болып табылады.

Қазіргі таңда Республика бойынша 566 конкурс өткізілді, оның ішінде Қызылорда облысы бойынша 4 конкурс осы жүйе арқылы өткізіліп, өз нәтижесін көрсетуде.

Бұл жоба бюрократиядан арылып, меритократия қағидасы сақталуының алғашқы қадамдарының бірі ғана, алдағы уақытта да мұндай жобалар көптеп қолдау табады деген сенімдеміз.

Гүлсая МҰРАТ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Қызылорда облысы бойынша департаментінің
Мемлекеттік қызмет басқармасының
жетекші маманы

•Боямасыз өмір

БАЛДӘУРЕН БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ САҒЫНЫШЫ

...Жаз жәрмеңкесі тарқап, солтүстік өңірге қоңыр күз қонақтаған. Аспан да, жер де сұп-сұрғылт. Жапырақтар сарғайып, өсімдік атаулы күзгі ызғырық желге елбеңдей бас ұрып, тәубеге келген сопыдай күбірлейді. Тал-теректердің жапырақтары жерге қонақтап, тек қана шырша ағашы өз реңін бермей сол көкпеңбек қалпын сақтап тұр.

Күндегі әдетім бойынша мектептегі немерелерімді сабақтан алып қайту үшін жаяулатып келемін.

Міне, мектепке де келіп жеттім. Сабақтан ерте шыққан төменгі сынып оқушылары мектеп ауласындағы ойын алаңында алаңсыз ойын қызығына кіріскен. Шеткі орындыққа жайғасып отырдым да балаларды бақылауға кірістім. Әрқайсысы менің мектепте бірге оқыған сыныптастарымды еске салғандай.1964 жылы № 24 мектептің табалдырығын аттаған едік-ау!

Бірі өткеншекке тербелсе, енді бірі жасанды сырғанаққа таласып ойынға кіріскен. Өнебір оқушы бала мен қыз бала өткеншекке таласып әуре. Құдды менің бала күнгі құрдастарым Ранайкүл мен Сұлтан сияқты алысып-жұлысып жүр. Ранайкүл қазір Алматыда зейнеткер. Мына бір ұзынтұра сары Жандосқа ұқсайды. Жандос демекші бізді 6-сыныптан бастап мектепте атыз септеуге, күзде күріштің масағын теруге ауылшаруашылық жұмыстарына әкететін. Сондай жұмыста жүргенде қорқуды білмейтін Жандос бірде жылан ұстап әкелмесі барма. Біреуімізді жұмсап ағайдың насыбай шақшасынан насыбай алдырды да, жыланның аузын ашып, жыңғыл сынығымен жыланның аузына тықты да оны қоя берді. Никотин әсер еттіме

алдымен жыланның құйрық жағы жансызданып, соңынан басы жерге сылқ ете қалғанын көріп біз қатты қорқып қалғанбыз. Жандос қазір Қазалыда ардагер теміржолшы.

Мына бір шашына ақ бантик таққан әдемі сары қыз Гүлдәріге ұқсайды. Гүлдәрі демекші бір қызық жайт есіме түсе қалғаны. Нешінші сынып екені есімде жоқ, қазақ әдебиетінен Шәпеш апай М.Әуезовтың "Абай жолы" романын оқуды қыздардан Гүлдәріге, ұлдарған маған тапсырды. Мектеп кітапханасына барып, екеуіміз романды алдықта, оқып болған соң, кітапты өткізуге бардық. Кітапханашы Мұхамбет ағай кітапты мұқият қарап алушы еді. Гүлдәрінің қолындағы кітаптың 217-ші беті жыртылған, жоқ болып шықты. Кітабымызды қабылдамаған соң екеуіміз көшеге шықтықта, ойласа келе менің қолымдағы романның 217-ші бетін жыртып алып, клейледікте қайта өткізуге келдік. (Араға бірнеше күн салсақ та болар еді-ау).

Кітаптың бетін қайта қарап шыққан Мұхамбет ағай:

-Бұл қалай? Қане, Қуаныш, сен кітабыңды берші демесі бар ма. Біз қатты састық. Бірақ ағай жақсы адам еді ғой.

-Екіншібұлай істеуші болмаңдар, - деп кітабымызды қабылдап алды. Қатты ұялдық. Қайран балалық-ай десенші...

Гүлдәрі Қалуова қазір Қарағандыда, «Халық ағарту ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған, зейнеткер.

Мына бір күшік құшақтаған бала Шамаранға ұқсайтын сияқты, ол да күшік құмар болатын.

Бастауыш сыныпта түстен кейін оқимыз. Қыстың қысқа күні ерте батады. Қараңғыда сабақтан шығамыз. Қайтарда үйіміз бір

жақта болғандықтан мен, Сахи, Төрехан, Света, Райла бесеуіміз бірге қайтатынбыз. Жолда қорымның қасынан өтетін едік. Кім айтқанын білмеймін, ер балалар ерте қайттықта, қорымның қасында тығылып отырып, қыздарды қорқытатын болдық. Өзара әңгімелесіп алаңсыз келе жатқан қыздар дәл жанымызға келе бергенде айқайлап, бақырып шыға келдік. Зәресі ұшқан қыздар айғайлап, жылап тым-тырақай қаша жөнелді. Біз өз әрекетімізге мәзбіз. Ертесіне Райланың анасы мектепке келіп үшеуімізді мектеп завучы Сыраж ағайға ертіп апарды. Ағай бізге ұрысып алды да бір көне сарайға апарып:

-Енді осылай қайталасаңдар, осы сарайға қамап тастаймын, - деп қорқытқаны күні бүгінгідей есімде.

Өнебір балалардың ойынына араласпай томпыып отырған бала Талғатқа ұқсайды. Талғат екеуіміздің бойымыз аласа болғандықтан сынып жетекшіміз Сәйпе ағай сыныпта үш қатар етіп қойылған парталардың ортадағы алдыңғы партасына екеуімізді отырғызған. Бір күні арифметикадан бақылау жазатын болдық. Талғат 1-вариант та, мен 2-вариантпын. Мақтанғаным емес мен есепке жүйрік едім. Себебі, ол кезде ауылда қой, сиырды кезекпен бағатынбыз. Мал бағып демалып отырған кезде шешем:

-Жайылып жүрген қойларды санашы, соған ана бөлек жүрген қойларды қосса қанша болады? Алып тастаса қанша болады, - деп мені мектепке барғанша жүзге дейін санауды, жерге жазып бірнеше әріптерді үйреткен. Оншақты күнде қайталап келетін кезекте маған «алғашқы ұстазым» көп нәрсе үйретіп еді...

Қосу мен азайтудан тұратын өз есебімді тез шығарып болдым да, Талғатқа қарсам әлі отыр.

-Әкел бері, - дедім де оның да есебін шығарып бердім. Ертесіне бақылаудың нәтижесін хабарлаған Сәйпе ағай:

-Рысбаев «2», Кітабалиев «5» демесі бар ма?

-Ағай менде еш қате жоқ қой, - дей бергенімде ағай:

-Сен неге өз қатенді білмейсің, неге біреуге көмектесесің. Сол үшін саған «2».

Сөйтсем, мен ағайды төмен қарап отыр деп ойласам, ол кісі бәрін бақылап отырады екен ғой.

Мен Майдакөлде мед.пункт меңгерушісі болып жүргенде Талғаттың үйіне жиі барушы едім. Апалары Серіккүл мен Рысты:

-Талғатжанның сыныптасы келді, - деп қуанып қалушы еді.

Жақында Сахи хабарласып Талғаттың өмірден өткеніне ақпан айында 20 жыл болатынын айтқан-ды.

Ерте үзілген жапырақтар секілді өмірден ерте өткен Төрехан Әміржаев, Света Шораяева, Дәмеш Қожабаева, Меркамал Қалиев, Сұлтан Лайысов, Нанкин Сайпин, Рәйла Бимырзаева, Әсемкүл Жетенова, Шәри Нағыметов, Тұрсынқұл Балтабаева, Талғат Кітабалиев құрдастарымды еске алып, көзіме жас келді де бір сәт үнсіз қалдым.

Топырақтарын торқа, жандарың жәннатта болғай қайран сыныптастарым.

Өткінші өмір-ай десенші. Бір кезде біз де осы балалардай мектеп алаңында алаңсыз ойнаушы едік-ау!

Қуаныш РЫСБАЙ,
Медицина саласының
ардагері
Ақтөбе қаласы

КҮТПЕГЕН КЕЗДЕСУ

«Інің үйленді, тез жет!», деген хабарды есіткенде Нұртастың жүзі қуаныштан нұрлана түсіп, шаттық сезімге бөленді. «Апырмай, Серіктің де ержетіп қалғаны ма?», - дейді өз-өзінен күбірлеп, «Әке-шешем де қызық, той болатынын ертерек айтпаушы ма еді, айтпағаны несі. Әлде басқа себептері болды ма екен. Жә енді не тұрыс, жолға жүрудің дайындығына кірісу керек қой», - деді Нұртас тағы да өзімен өзі іштей күбірлей сөйлесіп. Содан асығыс жолға шыққан.

Нұртас мінген жүрдек пойыз жер апшысын қуырып жүйткіп келеді. Пойыз терезесінен кең далаға көз талдыра ұзақ қараған жолаушы жігіт ой құшағына берілді. Бүгін оның пойыз үстінде жолаушылап келе жатқанына екінші күн. Құдай қаласа кешке аудан орталығына жетеді. Одан әрі аулына барады. Осы сәтті ойлағанда, жігіттің аққұба өңіне қызыл арай жүгіріп, жүрегі кеудесін әлсіз соққылады. Ертең ата-анасы, бауырлары, туған-туыстарымен сағына көріседі. Сонда ата-анасы, «Шырағым-ау», сопайып жалғыз басың келгені не, келін қайда?» - демей ме. Өткен жолыда ауылға осылай жалғыз өзі барғанында ата-анасы бұған естірте «Анау, Нұрмұраттың баласы мен келінін айтсайшы, апта, ай сайын келмегенімен де ата-анасының, отбасының, бауырларының қуанышына әрдайым ортақтасып кетеді. Ал, бұлар болса ғой, мен білсем Алматыдан ұзап шығуға, кіндік кескен туған жеріне келуге ерінеді, келінді ертпей жалғыз өзі келіп отырғанын көрмеймісің», - деп анасы біраз өкпесін айтып салған. Енді міне, сол анасы айтқандай-ақ інісінің тойына жалғыз өзі келе жатыр. Шыны керек, зайыбын інісінің тойына ертіп-ақ келейін деген. Екеуара осылай келіскен. Зайыбы да «Бір себеппен ауылға барып қалатын болдық ау, бармағалы біраз жылдың жүзі болды. Әйтеуір ауылға барып-қайтудың орайы бір келмеп еді, осы жолы сәті түскелі тұр», - деп қуанған. Сөйтіп барлық жағдайын айтып, қаншама өтініп, жұмыс орнынан сұранғанымен «қазір емтиханның кезі, жұмыс бастан асады» дейме, қай-қайдағы көлденең сауалды алдыға тосып, мектеп директоры ақыры жұмыстан босатпай қойды. Амал нешік, зайыбы амалсыздан тойға бара алмай, «ата-енеме болған жайды айтарсың, бара алмағаным үшін айыпқа бұйырмасын», - деп үйде қала берді. Енді ата-анасы қалай қарсы алса да, өкпелесе де көніп-ақ бақты...

-Азамат біз жайғасып алайық. Сізге кедергі келтірмейміз бе? Нұртас купеге кірген жолаушының өзіне қойған сауалынан кейін ғана тез серпілді. Бейтаныс жанға бұрылып қараған, о, ғажап, орта жастардағы әйелге қарады да оған арба-

лып қалғандай жанарын тайдырып әкете алмады. Осы бір бейтаныс жанды қайдан көрдім деп ойлады. Қандай сиқыры барын кім білсін, жолаушыға ұқсас бір бейне көз алдында көлбеңдеп ұзақ уақыт тұрып алды. «Мына кісіні қайдан көріп едім, жаныма жақын тартып барамын ғой өзін», - деді Нұртас іштей күбірлеп. Одан соң да жолаушы жігіттің жан дүниесінде бір ала құйын сезім көтеріліп, тыншымай-ақ қойғаны. «Шын Гауһар ма, соның дәл өзіме, әлде соған ұқсас біреу ме? Егер соның өзі болса ше? Сонда мынау жұмбағы көп өмірдің шешуін тосыннан ұсынып, алдыға тосар кедергілері аз емес екен ғой. Әйтпесе дәл мұндай кездейсоқ, күтпеген де кездесу бола ма? Мұндай кездесу болады деп бұл ешқашан ойлап па екен».

Өткен жылдар елесі Нұртастың көз алдына қайта оралғанда денесінен тоқ жүріп өткендей дір етіп, қылмысты жандай қыйпақтап, мазасыз күй кешіп, абдырады да қалды. «Сол, соның дәл өзі» - деп іштей бір сөзді сан қайталап күбірлей берді.

...Азамат көп ойла-нып қалдыңыз ғой, мына жаныңыздағы орындарға жайғаса берейік, - деді келіншек жауаптасатын адамының үнсіздігіне орай өзі қайта тіл қатып. Оқыс серпілген Нұртас өз-өзінен ыңғайсызданып:

-Иә, орындарға жайғаса беріңіз, - деді. Оны да өзін біреу қуып келе жатқандай асығып, аптығып айтты.

Иә, Гауһар үйге келін боп түскенде Нұртас қара сирақ он жастағы ойын баласы еді. Сонда балалық-ай десеңші, өз үйінде той болып жатқанда жан қуанышынан гөрі дастархандағы тәттілерді көп қызықтаған. Ол кезде тойға келушілердің ата-анасына құтты болсын айтқан сансыз қуанышты лебіздерін не қылсын, одан гөрі дастарқандағы тәттілерді ешкімге білдірмей жымқырып, қойынға тыға сала өзінің қара домалақ достарына жетіп, олжасын тең бөліп бергенше асығатын.

Бала болса да ағасының үйге келін әкеп түсіргенін, өз үйінде шат-шадыман қуанышты той болғандығын, отбасына сүйкімді бір жанның жаңадан келіп қосылғандығын жақсы біледі. Жеңгесінің өзіне деген адал пейілімен ықыласын да сезетін. Орта бойлы, талдырмаш денелі, аққұба өңді, бетінің оң жағында тарының көлеміндей ғана меңі бар, ұялы жанары мейірімге толы әдемі келіншек отбасына келін боп түскелі үй шырайын кіргізіп, ата-енесінің көңілінен шығып, мұның да қимас адамы болып еді. Сондықтан өзге жеңгелеріндей емес Гауһарды іштей өзіне жақынтартып тұратын. Гауһарда ауылдас жеңгелері сияқты мұның есімін атап айтпай қазақы дәстүрмен «Төре бала» дейтін. Ешкім оған солай ата

деп ескерту жасамаса да ата дәстүрін берік сақтаған ибалылығы болар, мұны бала болса да өз атымен атаған емес, сөйтіп үлкендердің көңілін қалдырып көрген емес. Сондай-ақ үлкенге ізетті, кішіге құрметті жеңгесінің ағасы Арманмен сыйластығын айтсайшы. Қайсыбір жас ерлі-зайыптылардай бір-бірін орынсыз кінәлап, болмашы нәрсеге бола сөзге келіп ұрыспайды. Содан да болар олардың сыйластығын үлкендерде, көршілерде сүйсініп әңгімелеп отырады.

Нұртас бастауыш класта оқып жүргенде ағасы мен жеңгесі сәбилі болды. Сондағы әкешешесінің қуанғанын, қуаныштан асып төгілгенін көрсең. Өздері бұрын жас бала көрмегендей-ақ қызылшақа сәбиді тала-са иіскеп, ебедейсіз құшақтап, «Құлынымыздың көзі, өміріміздің жалғасы, сүт кенжеміз», - деп мәз болатын. Олардың былайғы жұртшылыққа ерсілеу көрінетін осы қылықтарына көршілері де күліп айран-асыр қалатын. Ал, ауылдастарының өздері жайлы айтқан сөздерінде әке-шешесінің тіпті шаруасы жоқ, жұрттың сөзін елең қылмай кішкентайларының асты-үстіне түсіп әлек. Ондай да Нұртастың кеудесінде де қызғаныш сезімі бой көтеретін. Себебі, сол қызыл шақа сәбидің дүниеге келуі ата-анасының бұған деген пейілін сәл өзгерткендей. Бұрын бұған арналатын небір әсем сөздерге, пейілге енді сол қызылшақа сәби ие. Ұят-ай, балалық - ай десеңші, сол кезде әке-шешесінен кіп-кішкентай бауырын қызғанатыны расты. Сол кезде қайдам, ал қазір соның бәрін балалықтың әсері ғой деп соған тели салады.

Ата-анасы немересін Нұртасыма серік болды деп есімін Серік қойды. Аға-жеңгесі де қарттардың көңіліне қарап алаңдайды. «Балаңның бауы берік болсын» деген әзілқой құрбыларына Гауһар қашанда табиғатына біткен сыпайы мінезімен «бізге бала қайда, ол атам мен әжемнің кенжесі, алдымен тілектеріңізді қарттарға айтындар, біз тек қуанышқа ортақтасушымыз» дейтін күлімсіреп. Солай десе де Гауһардың аққұба өңінде қан толқындары ойнап, бота көздері қуаныштан нұр шашып тұратын.

Жібек мінезді Гауһар Арман жұмыстан шаршап келгенде үнемі күлімсіреп, жарқын қабақпен қарсы алатын. Ағасы да жан-жарының жомарт пейіліне әркез риза. Олар ұзақ сырласатын. Бақыт жайлы, болашақ отбасылық өмірлері жайлы қиялдап армандайтын. Ол кезде жас жұбайлардан бақытты, олардан қуанышты жан өмірде жоқтай көрінетін. Осылай Арман мен Гауһардың отбасылық өмірлері қызықты да мәнді, мазмұнды өтіп жатқан. Кенет...кенет, бір күні...

Нұртастың көзінің алды кіреукеленіп, жанарына жас

үйірілді. Көңілі босады. Жаны күзгі салқын жауыннан қорғана алмаған адамдай жаурады. Көзалдына өз отбасындағы сол бір қаралы күн қаз-қалпында оралды.

...Арман көктем егісі кезінде өзінің автомашинасымен «Бозаща» каналының көпірінен аударылыпты. Көпір деген аты ғана деседі айтушылар. Төрт бөрене ағашты каналға екі-екіден салып көпір етіп қойған. Арман осы «қыл» көпірден жауынды күні автомашинасымен өтпек болыпты. Көлігінің дөңгелегі екі ағаштан тайып кетіп, көлік сол бетімен терең сулы каналға қарай аударылған. Қайран аға, ең болмаса ақырғы сапарға аттанар алдында ақтық сөзін, қысқа ғұмырында орындалмай кеткен арманында айта алмай өмірмен қош айтысыпты. Артында қалған отбасы мүшелері үшін Арманның тосыннан келген ажалынан артық қайғы болар ма? Қыршын жастың қайғысы кім-кімге де оңай соқсын. Ата-анасы мен бауырларының өзегін өртеген өкініш көз жасымен жуылды. Қайғыдан күрсінген көкірек қақ айрылды. Қаншама қайғырып, қиналып, қапаланғанмен өлген артынан өлмек жоқ екен, әйтсе де әке мен ана қайғыдан шөкті. Гауһар адам танымастай өзгерді. Жан-жарының, қалтқысыз сүйген адамының өлімі оған қайдан оңай тисін. Талдырмаш денесі одан сайын таралып, бет сүйектері білініп, жүдеді. Бұрынғыдай қатар-құрбыларымен ашық-жарқын амандасып, ақтарыла сыр шертісіп, ақ пейілмен күлуден күрт тиылып, мінезі тұйықтала бастады. Әншейінде мейірім шуағы төгіліп тұратын нұрлы жанарына мұң ұялады. Сонда Нұртас бұрынғы ақ жарқын көңілінің бәрі ағамның арқасында екен-ау деп, жеңгесін іштей аяп, мынау өмірден сыбағалы үлесін ала алмай ғұмыры ерте қиылған Арманды көзіне жас ала отырып іздеп, қайғыратын. Бірақ талайсыз тағдырға не кінә артпақ, не істемек, қолдан келер дәрмен қайсы.

Гауһар Арманның жылын берген соң отбасымен қимай қоштасты. Тағдырына налыды. Амал жоқ, отбасынан, аяулы жары Арманның шаңырағынан алыс сапарға жолаушылап кетіп бара жатты. Оны тоқтатан күш қайдан болсын. Өлі есінде отбасы мүшелерімен қоштасарда Гауһар Нұртастың маңдайынан жібектей жұмсақ алақандарымен сипап тұрып, көз жасына ерік беріп «өмірің ұзақ болсын», - деді. Осы күні ойласа өмірлік серігінен айрылған Гауһар Нұртасқа оның қалған өмірін қоса тіледі ме, екен? Нұртас сонда аяулы ағасынан өлідей айрылса, қимас адамы жеңгесінен тірідей айрылатынын сезді. Гауһармен қоштасар сәтте әкесі: (Жалғасы бар)

Раушанбек СЕЙТЕНОВ,
«Тұран-Қазалы»

● Хабарландыру

МҰЗДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ МЕН ІС-ҚИМЫЛ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі қыс мезгілінде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында іс-шаралар атқаруда. Дегенмен азаматтардың қарлы күндері балық аулау, мал іздеу кезінде адасу жағдайлары, мұз үстінен өту кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтамау салдары және тағы да басқа жағдайлар орын алуы азаяр емес. Қыс мезгілі басталғаннан бері облыс бойынша су айдындарында мұз үстінен жаяу өту және автокөлікпен жүру кезінде қауіпсіздікті сақтамау салдарынан суға кеткен жағдайлары, мұз үстінен балықшылардың балық аулау кезінде жоғалуы, далалы жерде адасу жағдайлары жиі орын алуда.

Мұз үстінде сақ бола отырып, Сіз өз өміріңізді сақтайсыз! Мұқият және абай болу кез-келген күтпеген жағдайды оңтайлы шешуге көмегін тигізеді. Осындай жағдайлардың алдын алу, және

сақтану мақсатында Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі төмендегі қауіпсіздік ережелерін ұсынады:

- Жұқа, қатпаған өзен, көл, канал, арықтар мен су қоймаларында мұз үстіне шықпаңыз;

- мұз жүрген кезде мұз үстімен қайықпен суда жүрмеңіз;

- мұз өткелдерінде аса сақ болыңыз, ескерту қалқандары мен хабарландыруларды мұқият оқып жүріңіз;

- мұз жүрген кезде жағалау жанында балалардың ойнауына жол бермеңіз.

- ж о ғ а р ы д а ғ ы қауіпсіздік шаралары жайлы балаларға үнемі ескертіңіздер.

Егер, аяқ астыңыздағы мұз опырылып түсіп, айналаңызда ешкім болмаса – дүрбелең салмай, екі қолды екі жаққа жайып, мұз ернеуіне тіреліңіз, және арқаңыз немесе ішіңізге баяу жатыңыз, қатты мұздың үстіне шығып, келген жаққа бағыт алыңыз.

Егер, өзіңіз біреуге қол ұшын берсеңіз,

онда міндетті түрде зардап шеккен адамға судан шығару үшін таяқ, белдік, шарф және тағы басқа беріңіз. Соңынан, зардап шеккенді жылы жайға апарып, құрғатып, киім-кешектерін ауыстырып, ыстық шәй беру қажет. Қажет болса, емдеу мекемесіне жеткізу керек.

Қыс мезгілінде мұз үстінде жүру кезінде абай болыңыз! Өз өміріңізді қауіп-қатерге тікпеңіз!

Егер, Сіз, апат, жазатайым оқиғаның куәгері немесе өзіңіз қиын жағдайға душар болсаңыз, «101» немесе «112» шұғыл қызметтерді шақырудың бірыңғай нөміріне дереу қоңырау шалыңыз. Қоңыраулар кез келген байланыс құралдары арқылы (телефон, ұялы телефон) тәулік бойы және тегін қабылданады.

Шапағат ЕРМЕКБАЕВ,
Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы,
азаматтық қорғау майоры

"Халық үніне құлақ асатын мемлекет" тұжырымдамасы аясында мемлекеттік кірістер органдарының есігі Сіздерге әрқашан ашық!

Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Қожаназаров Темірлан Нұрланұлы жеке және заңды тұлғаларды апта сайын, бейсенбі күні: 14:30-дан 18:30-ға дейін қабылдайды.

Мекен-жайы: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі №3, 2 бөлме.

Телефон арқылы жазылу: 8/72438/22-4-82

Азаматтардың жеке қабылдауға келу мүмкіндігі жоқ болса, онда «Онлайн-қабылдау» режимінде қатысуға болады.

Азаматтарды онлайн-қабылдауды, алдын-ала жазылу бойынша немесе Интернет-қосымшаларды (ZOOM және өзге де байланыс құралдары) пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, Департаменттің Әдеп жөніндегі уәкілі Бекшин Қуанышбек Махметұлы азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады, барлық сұрақтар бойынша 8/724-2/ - 23-60-04 телефоны арқылы хабарласуға болады.

Заңсыз іс-әрекеттермен (әрекетсіздікпен) соқтығысқан жағдайда сіз әрқашан 8/7242/23-79-88 сенім телефонына қоңырау соғып, хабарлай аласыз.

Руководитель Управления государственных доходов по Казалинскому району Кожаназаров Темирлан Нурланович осуществляет прием физических и юридических лиц:

еженедельно по четвергам: с 14:30 по 18:00 часов,

по адресу: Казалинский район, кент Айтеке би, улица К.Примова, №3 кабинет №2 запись по телефону: 8/72438/22-4-82

Прием граждан, не имеющих возможности попасть на личный прием, проводится в режиме «Онлайн прием граждан».

Онлайн прием граждан осуществляется посредством использования системы Интернет-приложений (ZOOM и иных средств связи) по предварительной записи по выше указанному номеру телефона.

Уполномоченный по Этике Департамента Бекшин Куанышбек Махметович также осуществляет прием граждан, по всем вопросам можно обратиться по телефону: 8/724-2/23-60-04

Қазалы ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және сатуға байланысты қылмыстардың алдын-алу мақсатында адам саудасына қарсы күрес жөніндегі республикалық сенім телефон нөмірі- «11616» және «8-8000-8000-15» қызу желісі;

«150» балалар мен жастарға арналған ұлттық сенім телефоны.

«Қазалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Көларық» ауылдық округі әкімінің жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау орны	Мекен жайы	Байланыс телефоны
Умирзаков Серик Дакенович	«Көларық» ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі күні сағат 09-00 - 13-00 ге дейін, Сәрсенбі күні сағат 15-00 - 19-00 ге дейін, Жұма күні сағат 09-00 - 13-00 ден 15-00 - 19-00 ге дейін	«Көларық» ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Қазалы ауданы, Ақтан батыр аулы, Ақтан батыр көшесі, №7 үй	25-2-27

«Көларық» ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 25-2-27 «Сенім телефоны» жұмыс істейтінін хабарлаймыз.

«Көларық» ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.